

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3
2023



2. Оралбаева Н.О., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Оқу әдістемелік шығармалар. Алматы: Жазушы, 1988.
4. Жапбарова А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-10 сыныптар). 1-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 264 бет.
5. Б. Қалиев. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. – 728 бет.

ИСОВА, Э.А., ЖАҚСЫЛЫҚ, А.Ж.

РАБОТА ПО РАЗВИТИЮ ЯЗЫКА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Данная статья направлена на систематическое и правильное их использование, а также рассмотрение работы по развитию языка на уроках казахского языка. "Искусство получило-красный язык", – говорят наши люди. Все образование и воспитание, передаваемые в школе, осуществляются, прежде всего, через слово. Поэтому развитие языка учащихся-это не только цель литературоведа, корреспондента, это главная цель, долг всей школы, всех учителей-предметников, единое требование для всех.

Ключевые слова: казахский язык, развитие языка, метод, система, средства обучения, учебник.

ISSOVA, E.A., ZHAKSYLYK, A.Zh.

WORK ON LANGUAGE DEVELOPMENT IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

This article is aimed at systematic and correct use of them, as well as consideration of the work on language development in Kazakh language lessons. "Art has received a red tongue," our people say. All education and upbringing transmitted at school is carried out primarily through the word. Therefore, the development of the language of students is not only the goal of a literary critic, a correspondent, it is the main goal, the duty of the whole school, of all subject teachers, a single requirement for everyone.

Key words: Kazakh language, language development, method, system, teaching tools, textbook.

УДК 811.512.122

Канапина, С.Г.,

*филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.*

Айтқазы, Ә.А.,

*«БВ01701- Қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 3 курс студенті,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
Қостанай қ., Қазақстан*

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ЕЛЕҢ- АЛАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

Түйін

Әбіш Кекілбаев жазушы, сынышы, публицист, саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері. Жазушының белгілі «Елең алаң» туындысы өзінің бай, қазақи сөздік қорымен ерекшеленеді. Бұл қорды толықтыратын сөз қазынасы – фразеологизмдер. Мақалада фразеологизмдер туралы зерттеулер мен ғалымдардың пікірлері пайдаланылды, романда қолданылған фразеологизмдердің мағынасы ашылып, Г. Смағұлованың топтастыруы бойынша қолданылуына байланысты талданды.

Кілт сөздер: фразеологизм, жазушы, роман, ғалым, лексикология, этнолингвистика.

1 Кіріспе

Қазақ тіл білімінде, тюркология мен лексикологияда фразеологияның жалпы қолданысы бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің нақты дерліктей шешімін табу үшін әлі де зерттеуді қажет етеді. Тіліміздегі жанға конымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Қазақ тілінің қазынасы болып табылатын фразеологизмдерді халық арасында қолдану құлаққа өте жағымды болып естілсе, осы тіркестерді сөз майын ағыза қолдана алатын жазушылардың кітаби тілінен естіген мүлдем ерекше сезім. Бұндай сезімге бөлейтін батыс өңірінің тумасы, белгілі жазушы – Әбіш Кекілбаев. Автор өзінің «Елең алаң» тарихи романында әртүрлі жағдайлар мен адам портреттерін суреттеу үшін фразеологизмдерді қолданған. Тұрақты тіркестердің қолданылуын зерттеуді осындай жазушылар тілін талдаудан бастаған жөн. Мақалада фразеологизмдердің қолданылу сипатына қарай топтастырылған мысалдар беріліп, мағынасы ашылады.

2 Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында қазақ фразеологизмдерін зерттеуге ат салысқан ғалымдар еңбектері талданды. Фразеологизмдерді зерттеуге алғашқы қадам жасағандардың бірі С. Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы» атты зерттеу еңбегі, І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев жазған «Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика» оқулығы, К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегі және т.б зерттеулер қарастырылды.

І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» тіркестердің мағынасын ашу мен түсіндіру мәселелерінің басын ашып талқылауға негіз болды.

3,4 Нәтижелер мен талқылаулар

Фразеология термині белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда қолданылады. І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес. І. Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», - деп жазады [1,589 бет].

Г. Смағұлова: «Тұрақты тіркестер қазақ лексикасының ең өнімді бай қабатын құрайды. Осындай ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керек. Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін де іздеген жөн», - деп жазады [2,93 бет].

Фразеологизмдер көркем әдебиет тілінің қажеттілігін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын танытатын ең күшті тілдік құралдардың бірі болып есептеледі. Тілдің әдебиеттік сипаттарының бірін, әдеби тілдің даму кезеңдерінің көркемдік ерекшеліктерінің бірін фразеологизмдер танытады. Ж. Қоңыратбаеваның зерттеу жұмысында ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сипаты, тақырыптық-семантикалық, кезеңдік-құрылымдық, стилистикалық қолданыс ерекшеліктері қарастырылады. Автор ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай және ұйытқы болатын сөздерге қарай тақырыптық топтарға жіктейді. Фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай: 1. Адамды сипаттайтын фразеологизмдер; 2. Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер; 3. Қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты туындаған фразеологизмдер; 4. Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер; 5. Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер; 6. Табиғат құбылыстарна байланысты қойылған

фразеологизмдер деп бөле отырып, кейбір фразеологизмдер мағынасы жағынан бірнеше топқа қатысты болғандықтан, оларды мұндай тақырыптық топтарға бөлудің шартты екендігін ескертеді. Дегенмен де, белгілі бір топтағы сөздердің мағыналық жағынан іргелес екенін же жоққа шығаруға болмайды. Автор фразеологизмдердің бейнелі, синонимдік табиғатын көркем шығарма тілінің стильдік, стилистикалық байланысына қарай қарастырады.

Көркем проза тілінде кейбір сөйлемдердің өлең жолдарындағыдай ұйқасып келетін ерекшелігі туралы «Қазақ прозасының тілі» еңбегінде Е.Жанпейісов, «Қазақтың халық прозасы» атты еңбегінде С.Қасқабасовтың пікірінше «ешбір жанр саф алтындай таза күйінде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап кірігеді»- деп тұжырым жасайды [3,22 бет].

Ғалым Г.Смағұлова қазақ фразеологизмдерін мынадай стильдік қабаттарға бөледі:

1. Кітаби фразеологизмдер;
2. Бейтарап (стильаралық) фразеологизмдер;
3. Ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер;
4. Қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер;
5. Дәрекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер [2,184 бет].

Әбіш Кекілбаевтың «Елең – алаң» романында қолданыс тапқан фразеологизмдерді Г. Смағұлованың топтастыруымен талдайтын болсақ, романда кітаби фразеологизмдер қолданылған мынадай сөйлемдер кездесті: «*Жүрексіне шыққан бала дауысына жұрт сілтідей тына қалыпты*» [5,10 бет]. *Сілтідей тынды (тұнды)* тым- тырыс болды деген мағынаны білдіреді. [ҚТФС, 266 бет]. Бұл фразеологизм күнделікті өмірдегі өмірде қолданылмайтын болғандықтан фразеологизмдердің кітаби қабатына жатады. Осы секілді «*Тек дәл төрде бір олақ қыздың жиган жүгіндей оқшау қауқиып тұрған дөңкиген үйікте гана сес жоқ, бала ханзада, қапелімде, оның не екенін аңғара қойған жоқ*»[5,10 бет] сөйлеміндегі *қыздың жиган жүгіндей* сөзі қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы мағынасында қолданылған [ҚТФС, 203 бет]. «*Екі қарынан екі кісі демеп қақ төрдегі көз қарлықтыра жарқырап тұрған қақыра үйікке қарай алып жүрді*»[5,10 бет] сөйлеміндегі *көзі қарықты* сөзі қазіргі таңда көп қолданыла бермейді, керісінше, орнына оның берер мағынасы жиірек қолданылады. Сөздіктегі мағынасы –көзі шағылысып, қарай алмай қалды [ҚТФС, 145 бет]. «*Күнде осылай таңдай қағысып, бас шайқасып айран асыр болып түнеме үйлеріне қайтып келе жатқандары*» [5,11бет]. Сөйлемдегі *айран асыр* болды сөзі аң- таң болды, таң-тамаша болды, қайран қалды, таңырқады мағынасында [ҚТФС, 14 бет]. «*Сонда да қастарына барып: «Мынау не?»,- деп бірдеңе сұрасаң, өңменіңнен өткізе едірейе қарап: «Соны да білмейсің бе, маубас»,- дегендей иықтарын қомдап, бұлданып сөйлейді*»[5,12 бет] сөйлеміндегі «*өңменіңнен өткізе*» сөзінің негізгі мағынасы- айтылған сөз қатты тиді, сұқтана қарады. Ал өңмен дегеніміз кеуде, көкірек дегенді білдіреді [ҚТФС, 240 бет]. Романда бір сөйлем ішінде бірнеше фразеологиялық тіркес қолданылған сөйлемдер де кездеседі. Мысалы: «*Тіпті делбе ұстаған атышысы мен босаға баққан сақшысына дейін ит көрген ешкідей едірейе көз тастайды*» [5,12 бет] сөйлеміндегі «*ит көрген ешкідей*» тіркесі кітаби фразеологизмге жатады. Неге десеніз, бұл тіркес күнделікті өмірде қолданылмайды, немесе «ит көрген мысықтай» тіркесіне ауысады, яғни, қолданылу аясы тар. Негізгі мағынасы – үрейі ұшты, елере үрікті [ҚТФС,132бет]. Жоғарыда айтылған мысалдардай кітаби фразеологизмдердің *көзге ыстық көрінетін, таңды көзбен атқызды, жүрегі жарылу, аузын бағу, көңілі су сепкендей басылу, жағасына жармасу, көмейін бітеді* секілді тіркестері кездеседі.

Бейтарап фразеологизмдерге Әбіш Кекілбаевтың шығармасындағы мына мысалдарды келтіруге болады: «*Әлгі бір аспан шайдай ашықта-ақ күн күркірегендей қып, жер мен көкті қақырата гүрсілдеп, от қақыратын зеңбірек деген пәлесі осында жасалатын көрінеді...*»[5,7 бет]. *Шайдай ашық (ашылды)* бұл фраза 1) «күн», «аспан» деген сөздермен тіркесіп келіп,

бұлтсыз аспан (күн) дегенді білдіреді; 2) «көңіл», «ұйқы» деген сөздермен тіркесіп келіп, «көңілін жадыратты», «ұйқысын сергітіп жіберді» дегенді білдіреді [ҚТФС, 309 бет]. «*Бар түсінгені – ақ патшаның бұларды өз қол астына алатын болғаны*» [5,10 бет]. *Қол астында* Қарамағында, билігінде [ҚТФС, 189 бет]. «*Сол бір қас қағым сәт енді, бала ханзаданың есінен кетер емес*» [5,11 бет]. *Қас қағымда* халықтық өлшем, лезде көзді ашып жұмғанша. [ҚТФС, 184 бет]. «*Бұлар келгендегі аппақ қар бықсыған тұманға жем болды*» [5,11 бет]. *Жем болды* еңбегін, мал- жанын әркім бір пайдаланды, мал мүлкіне өзі иелік ете алмады, қаналды; тапқаны ұстағанын қолында, тістегенін аузында кетті [ҚТФС, 110 бет]. «*Салқар сахараның әлде бір түкпіріндегі бұлар кеткелі жолдарына қарап, екі көзі төрт болып отырған қиян қазақ ауылы мен мынау кекірейген менмен шаһар ұланбайтақ бір қара жердің бетінде екен...*» [5,15 бет]. *Екі көзі төрт болды* сөзі сағынды, аңсады, жолына қарай- қарай шаршады, күте- күте зарықты, көруге асық болды [ҚТФС, 89 бет]. «*Көкірегін қанша көкке көтергендерімен, мұндағылардың да аяқтары аспаннан түсе қалған ештеңелері жоқ екен*» [5,15 бет]. *Көкірек көтерді (керді, қақты)* 1. Мақтады, мастанды, менменсіді. 2. Ес жиды, мақсатына жетті, еңсесін көтерді [ҚТФС, 150 бет]. Бұл сөйлемде *көкірек көтеру* сөзі сөздікте түсіндірілген бірінші мағынаға сәйкес келеді. Орыс мемлекетінің адамдарын өзінше көкіректерін керіп, менменсініп, ешкімді менсінбейтін адамдарша жүретінін, бірақ жүріс- тұрыстары кербез болғанымен оған білімі мен іс-әрекетінің мүлдем келіспейтіні жайлы жазылған.

Ауызекі сөйлеу стиліндегі фразеологизмдер қазіргі уақытта тілдік қатысымдық деңгейінде жиі ұшырасады, ресми және ғылыми стильде фразеологизм типтес тіркестердің жазу, сөйлеу стилінде бейнелеуіш элемент болып келуінен гөрі жай атауыштық қызметі басым. Ауызекі сөйлеу стиліне жалпыхалықтық тілдегі әлеуметтік мәндегі фразеологизмдер қолдануы заман, қоғамдағы сан алуан мәселелерге қатысты қолданылады, оның астарында прагматиканың ықпалы ерекше байқалады: «*Ертеден қара кешке осылай салпақтайтын да жүретін қазақтар мен башқұрттадың тамсана- тамсана таңдайлары жауырды, бастарын шайқай- шайқай мойындары ауырды*» [5,8 бет]. *Ертеден (ертеңнен) қара кешке дейін* күні бойы, ұзақты күн. («Қара кеш» деген «түн болды, қараңғы түсті» мағынасында айтылады). [ҚТФС, 93 бет]. Осыған ұқсас «ертелі кеш, таңның атысынан күннің батысына дейін» секілді фразеологиялық тіркестер қолданылады.

«*Сол бір қас қағым сәт енді, бала ханзаданың есінен кетер емес*» [5,11 бет]. *Қас қағымда* сөзі халықтық өлшем, лезде, көзді ашып жұмғанша, яғни өте қысқа уақыт аралығында аяқталған іс-әрекет [ҚТФС, 184 бет]. «*Соның қай қайсысының тұсында да бұлар тыным тапқан жоқ*» [5,11 бет]. *Тыным таппады-тізе бүкпеді, жарғақ құлағы жастыққа тимеді, тыныштық көрмеді.*

[ҚТФС, 291 бет]. «*Патшайым тағы да қолындағы қағазға көз жүгірмеді. Әй, мынау не шатып кетті-ай?!*» «*Әлгі қырғыз қайсағың бір емес үш орда боп шықты ғой*» [5,17 бет]. *Көз жүгіртті (жіберді)* шолып қарады, шола іздеді мағынасында пайдаланылады [ҚТФС, 143 бет].

5 Қорытынды

Байқағанымыздай, батыс өңірінің беделді жазушысы – Әбіш Кекілбаев өз шығармасында фразеологизмдерді көптеп қолданады. Автор оқырман көңілін сюжет барысына аудару үшін және бейнеленіп отырған сәтті толығымен жеткізу үшін көбіне ауызекі сөйлеу фразеологизмдерін қолданған. Бұл сөз тіркестері қатарына көбіне уақыт аралығын, адамның іс- әрекетін бейнелейтін фразеологизмдер енеді. Шығармада мыңға жуық фразеологизмдер қолданыс тапқан, аталған мақалаға 20-ға жуығы ғана еніп отыр. Бұндай сөз қорының жиі қолданылуы – автор тілінің байлығы мен сауаттылығының белгісі.

Әдебиеттер тізімі

1. Кенесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». – Алматы, 2007. – 355б.
2. Смағұлова Г. «Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары». – Алматы, 1997. – 196 бб.

3. Қасқабасов С. «Қазақтың халық прозасы». – Алматы, 1984. – 272 б.
4. Нұржанова А. «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды». – Астана, 2010. – 24 б.
5. Кекілбаев Ә. «Елең – алаң» романы. – Алматы, 2010. – 317 б.

КАНАПИНА, С.Г., АЙТКАЗЫ, А.А.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В РОМАНЕ АБИША КЕКІЛЬБАЕВА «ЕЛЕН-АЛАН»

Абиш Кекілбаев-писатель, критик, публицист, политик, государственный и общественный деятель. Известное произведение писателя «Елен-алан» отличается богатым словарным запасом казахского языка. Сокровищница слов, дополняющая этот фонд – фразеологизмы. В статье использованы исследования и мнения ученых о фразеологизмах, раскрыто значение фразеологизмов, использованных в романе, проанализировано их использование по классификации Г. Смагуловой.

Ключевые слова: фразеологизм, писатель, роман, ученый, лексикология, этнолингвистика.

KANAPINA, S.G., AITKAZY, A.A.

THE USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN ABISH KEKILBAYEV'S NOVEL «ELEN-ALAN»

Abish Kekilbayev is a writer, critic, publicist, politician, statesman and public figure. The famous work of the writer «Elen-Alan» is distinguished by a rich vocabulary of the Kazakh language. A treasure trove of words complementing this fund are phraseological units. The article uses research and opinions of scientists on phraseological units, reveals the meaning of phraseological units used in the novel, analyzes their use according to the classification of G. Smagulova.

Key words: Phraseology, writer, novel, scientist, lexicology, ethnolinguistics.

ӘОЖ82.0(574)

Мырзағалиева, К.М.,

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауым. профессоры

Нұрсұлтанова, А.С.,

педагогика ғылымдарының магистрі, психология кафедрасының оқытушысы

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті

Қостанай. Қазақстан

ЕРЕКШЕ, ЕРКІН, ЕРКЕ ӘН

Түйін

Тәңірберген Молдабай

Малға жарлы болса да,

Айтар сөзге, тілге бай...

Сөйлер сөзге келгенде,

Орынбордың алдында,

Тағалаған жорғадай, -

деп басталатын қазақтың ойнақы, күлдіргі, еркін құйылып, сан құбылатын ерке де, екпінді, жігерлі, қимыл-қозғалысқа жетелеп, тыңдаушының делебесін қоздыратын «Молдабай» әнін білмейтін қазақ некен-саяқ шығар?!

Мақалада осы әннің шығу тарихы, орындаушылары жөнінде әңгіме болады.

Кілт сөздер: әнші, халық әні, композитор, өнер, асыл мұра.

1 Кіріспе «Молдабай» әнін алғаш (1935 жылдың жазында) орындаушы – әнші, жыршы, әзіл – күлкі сөздің шебері – Әли Құрманов.